

**"Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 969 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне:

1) 3-баптың 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) айтарлықтай залал және айтарлықтай мөлшер – 198 және 199-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен екі жүз есе асатын залал мөлшері немесе зияткерлік меншік объектілерін пайдалану құқықтарының құны не авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілері даналарының немесе өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер немесе интегралдық микросхемалар топологиялары қамтылған тауарлардың құны; 202 және 269-1-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен екі жүз есе асатын сомадағы залал; 214-бапта – құны екі мың айлық есептік көрсеткіштен асатын тауарлар саны; 233-бапта – айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал; 325, 326, 328, 335, 337 және 342-баптарда – экологиялық залалды жою немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың бір жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық мәні; 340-бапта - экологиялық залалды жою немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың елу айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық мәні; өзге баптарда – айлық есептік көрсеткіштен екі жүз есе асатын сомадағы залал мөлшері; 366 және 367-

баптарда – елуден үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны;

3) аса ірі залал және аса ірі мөлшер – 188, 188-1, 191, 192 және 295-1-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын мүлік құны немесе залал мөлшері; 189, 190, 194, 197, 202, 204 және 425-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен төрт мың есе асатын мүлік құны немесе залал мөлшері; 214-бапта – сомасы жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын кіріс; 216-бапта – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен бес мың есе асатын сомада келтірілген залал; 217-бапта – сомасы бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын кіріс; 229, 230-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен жиырма мың есе асатын сомадағы залал; 234-бапта – жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын, алып өткізілген тауарлардың құны; 245-бапта – тексерілетін кезеңнің күнтізбелік бір жылы үшін салықтық тексеру нәтижелері бойынша есепке жазылған салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасы салық төлеуші осы күнтізбелік жыл үшін есептеген барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасының он пайызынан асатын жағдайда, тексерілген кезең үшін жетпіс бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын, бюджетке түспеген төлемдер сомасы; 253-бапта – екі мың айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны; 307-бапта – сомасы бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын кіріс; 324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333, 334, 337, 339, 342 және 343-баптарда – экологиялық залалды жою немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық мәні; 365-бапта – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада келтірілген залал; 366 және 367-баптарда – он мың айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны; өзге баптарда – айлық есептік көрсеткіштен төрт мың есе асатын сомадағы залал мөлшері;"

38) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38) ірі залал және ірі мөлшер – 185, 186 және 458-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын сомадағы залал; 188, 188-1, 191 және 192-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын мүлік құны немесе залал мөлшері; 189, 190, 194, 195, 196, 197, 200, 202, 204, 269-1, 295-1 және 425-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын мүлік құны немесе залал мөлшері; 198 және 199-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын залал мөлшері немесе зияткерлік меншік объектілерін пайдалану құқықтарының құны не авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілері даналарының немесе өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер немесе интегралдық микросхемалар топологиялары қамтылған тауарлардың құны; 214-бапта – сомасы он

мың айлық есептік көрсеткіштен асатын кіріс; 214, 221, 237, 238 (бірінші бөлігі), 239 (бірінші және екінші бөліктері), 242, 243 және 250 (екінші бөлігі)-баптарда – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада келтірілген залал; 216-бапта – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен жиырма мың есе асатын сомада келтірілген залал; 217-бапта – сомасы бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын кіріс; 218-бапта – жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомаға қылмыстық жолмен алынған ақша және (немесе) өзге де мүлік; 219, 222, 223, 224, 225, 226, 227, 228 және 241-баптарда – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен екі жүз есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын сомада келтірілген залал; 220, 229, 230-баптарда – айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомадағы залал; 221-бапта – сомасы жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын кіріс; 231-бапта – қолдан жасалған банкноттардың, монеталардың, бағалы қағаздардың, шетел валютасының айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын құны; 234-бапта – алып өткізілген тауарлардың он мың айлық есептік көрсеткіштен асатын құны; 235-бапта – қырық бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын, ұлттық валютада және (немесе) шетел валютасында қайтарылмаған қаражат сомасы; 236-бапта – төленбеген кедендік баждардың, кедендік алымдардың, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын құны; 238 (екінші бөлігі)-баптарда – орта кәсіпкерлік субъектісіне айлық есептік көрсеткіштен жиырма мың есе асатын сомада не ірі кәсіпкерлік субъектісіне айлық есептік көрсеткіштен қырық мың есе асатын сомада келтірілген залал; 244-бапта – жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын, бюджетке түспеген төлемдер сомасы; 245-бапта – тексерілетін кезеңнің күнтізбелік бір жылы үшін салықтық тексеру нәтижелері бойынша есепке жазылған салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасы салық төлеуші осы күнтізбелік жыл үшін есептеген барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасының он пайызынан асатын жағдайда, тексерілген кезең үшін елу мың айлық есептік көрсеткіштен асатын, бюджетке түспеген төлемдер сомасы; 247-бапта – үш жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын, адам алған сома немесе оған көрсетілген қызметтер құны; 253-бапта – бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны; 258-бапта – бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын ақша сомасы, мүліктің, мүліктік сипаттағы пайданың, көрсетілген қызметтердің құны; 274-бапта – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын сомада келтірілген залал; 292-бапта – жеке тұлғаға айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық

есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын сомада келтірілген залал; 307-бапта – сомасы бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын кіріс; 323-бапта – жалған жасалған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын құны; 324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333, 334, 335, 337, 338, 339, 340, 341, 342 және 343-баптарда – экологиялық залалды жою немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың бір мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық мәні; 340-бапта - экологиялық залалды жою немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі құндық мәні; 344-бапта – екі мың айлық есептік көрсеткіштен асатын залал мөлшері; 350, 354, 355 және 356-баптарда – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен екі жүз есе асатын мөлшерде келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын мөлшерде келтірілген залал; 365-бапта – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен екі жүз есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын сомада келтірілген залал; 366 және 367-баптарда – үш мыңнан асатын және он мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны; 399-бапта – арнайы техникалық құралдардың бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын құны; өзге баптарда – айлық есептік көрсеткіштен бір мың есе асатын сомадағы залал мөлшері;";

2) 324-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацында және екінші бөлігінің бірінші абзацында, 325-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацында, екінші бөлігінің бірінші абзацында және үшінші бөлігінің бірінші абзацында, 326-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацында, екінші бөлігінің бірінші абзацында және үшінші бөлігінің бірінші абзацында, 328-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацында, екінші бөлігінің бірінші абзацында және үшінші бөлігінің бірінші абзацында, 329-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацында және екінші бөлігінің бірінші абзацында, 330-баптың бірінші бөлігінің бірінші 333-баптағы "экологиялық залал" деген сөздер "залал" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 332-бап мынадай редакцияда жазылсын:

" 332-бап Жерді бүлдіру

1. Жерді өнеркәсіптік, тұрмыстық немесе өзге де шығарындылармен немесе қалдықтармен қоқыстау, сол сияқты пестицидтерді, улы химикаттарды, тыңайтқыштарды, өсімдіктердің өсуін ынталандырғыштарды немесе өзге де қауіпті химиялық, радиоактивті немесе биологиялық заттарды сақтау, пайдалану, тасымалдау немесе көму кезінде олармен жұмыс істеу қағидаларын бұзу салдарынан жерді улау, ластау немесе шаруашылық немесе өзге де қызметтің зиянды өнімдерімен өзгеше бүлдіру, егер бұл іс-әрекеттер ірі залал келтіруге әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса немесе адамның денсаулығына зиян келтірсе –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, мынадай:

1) аса ірі залал келтіруге немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан экологиялық залал;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақта немесе төтенше экологиялық жағдайы бар аумақта не экологиялық зілзала аймағында ірі залал келтіруге алып келген іс-әрекеттер жағдайларда –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақта аса ірі залал келтіруге немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан, осы баптың бірінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттер –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

4) 334-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"334-бап Жер қойнауын өз бетінше пайдалану

1. Жер қойнауын өз бетінше пайдалану, сол сияқты пайдалы қазбаларды өз бетінше өндіру, егер бұл іс-әрекеттер айтарлықтай залал келтірсе –

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай:

1) ірі залал келтірумен;

2) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;

3) бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық

жұмыстарға тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, мынадай:

1) қылмыстық топ жасаған;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда;

3) аса ірі залал келтірумен жасалған іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп не онсыз белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан он жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

5) 340-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Айтарлықтай залал келтіре отырып, орман қорына кіретін ағаштарды және бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау –

мүлкі тәркіленіп не онсыз белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз мүлкі тәркіленіп, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, мынадай:

1) адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;

2) бірнеше рет жасалған;

3) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған;

4) ірі залал келтіре отырып;

5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген, қылмыстық топ жасаған іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан он жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

6) 342-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Айтарлықтай залал келтіруге әкеп соққан ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзу –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз мүлкі тәркіленіп екі жүз жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.";

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, егер олар:

- 1) адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;
- 2) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған;
- 3) бірнеше рет;
- 4) ірі залал келтіре отырып жасалған іс-әрекеттер болса –

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген және аса ірі залал келтіруге әкеп соққан әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады."

2. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне:

- 1) 187-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107 (екінші бөлігінде), 110 (екінші бөлігінде), 116, 118 (үшінші бөлігінде), 120, 121, 122, 123 (екінші бөлігінде), 124, 125, 126 (екінші және үшінші бөліктерінде), 127, 128, 129, 132, 133, 134, 135, 141, 143 (екінші және үшінші бөліктерінде), 148, 150 (екінші бөлігінде), 151, 155 (екінші бөлігінде), 156 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 157, 188 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 188-1, 191 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 192, 193, 194 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 200 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 201 (екінші бөлігінде), 202 (екінші және үшінші бөліктерінде), 203 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 205 (үшінші бөлігінде), 206 (екінші және үшінші бөліктерінде), 207 (екінші және үшінші бөліктерінде), 208 (екінші және үшінші бөліктерінде), 209 (екінші және үшінші бөліктерінде), 210 (екінші және үшінші бөліктерінде), 211 (екінші және үшінші

бөліктерінде), 212 (екінші бөлігінде), 213 (екінші және үшінші бөліктерінде), 251, 252 (екінші бөлігінде), 254, 261, 268, 271, 272, 273, 274 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 277, 278, 279, 280, 281, 282, 288 (екінші және үшінші бөліктерінде), 293 (екінші және үшінші бөліктерінде), 295 (үшінші бөлігінде), 296 (төртінші бөлігінде), 297 (бірінші және екінші бөліктерінде), 298, 299 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 300 (екінші бөлігінде), 301, 302, 303 (екінші бөлігінде), 304, 305, 306 (екінші және үшінші бөліктерінде), 308 (екінші және үшінші бөліктерінде), 309 (екінші және үшінші бөліктерінде), 310 (екінші бөлігінде), 312, 314 (екінші бөлігінде), 315 (екінші бөлігінде), 317 (екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 318, 319 (бесінші бөлігінде), 320 (екінші бөлігінде), 322 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 323, 324, 325 (екінші және үшінші бөліктерінде), 326 (екінші және үшінші бөліктерінде), 327, 328 (екінші және үшінші бөліктерінде), 329, 330, 331 (бірінші бөлігінде), 332, 333, 334 (үшінші бөлігінде), 335, 337, 338, 339, 340 (төртінші бөлігінде), 341 (екінші бөлігінде), 342 (төртінші бөлігінде), 343 (екінші және үшінші бөліктерінде), 344, 346 (бесінші және алтыншы бөліктерінде), 348 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 349 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 350 (екінші және үшінші бөліктерінде), 351 (екінші және үшінші бөліктерінде), 352, 353 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 354 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 355, 356 (екінші бөлігінде), 358 (үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде), 359 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 376 (екінші және үшінші бөліктерінде), 377, 380, 380-1, 380-2, 382 (екінші бөлігінде), 386 (екінші бөлігінде), 388, 389 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 399 (үшінші бөлігінде), 401, 402 (екінші бөлігінде), 404 (бірінші бөлігінде), 407 (үшінші бөлігінде), 408, 409, 411, 426 (екінші бөлігінде), 428 (үшінші бөлігінде), 429, 437 (үшінші бөлігінде), 438 (екінші және үшінші бөліктерінде), 439 (екінші және үшінші бөліктерінде), 440 (төртінші бөлігінде), 441 (үшінші бөлігінде), 442 (екінші және үшінші бөліктерінде), 443 (екінші бөлігінде), 446 (екінші бөлігінде), 449 (үшінші бөлігінде), 453 (екінші бөлігінде), 454 (бірінші бөлігінде), 459 (үшінші бөлігінде), 462 (екінші және үшінші бөліктерінде), 463 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 464, 465, 466 (төртінші және бесінші бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді ішкі істер органдарының тергеушілері жүргізеді.";

2) 191-баптың екінші және он алтыншы бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 107 (бірінші бөлігінде), 110 (бірінші бөлігінде), 112, 113, 114 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 117 (екінші бөлігінде), 118 (екінші бөлігінде), 119 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 126 (бірінші бөлігінде), 136, 137 (екінші бөлігінде), 139, 142, 143 (бірінші бөлігінде), 153, 158 (екінші бөлігінде), 188 (бірінші бөлігінде), 191 (бірінші бөлігінде), 194 (бірінші бөлігінде), 200 (бірінші бөлігінде), 201 (бірінші бөлігінде), 202 (бірінші бөлігінде), 207 (бірінші бөлігінде), 209 (бірінші бөлігінде), 210 (бірінші бөлігінде), 212 (бірінші

бөлігінде), 247 (үшінші бөлігінде), 252 (бірінші бөлігінде), 274 (бірінші бөлігінде), 287 (екінші және үшінші бөліктерінде), 288 (бірінші бөлігінде), 290 (бірінші бөлігінде), 293 (бірінші бөлігінде), 295 (бірінші және екінші бөліктерінде), 299 (бірінші бөлігінде), 299-1, 300 (бірінші бөлігінде), 308 (бірінші бөлігінде), 309 (бірінші бөлігінде), 310 (бірінші бөлігінде), 311, 313, 314 (бірінші бөлігінде), 315 (бірінші бөлігінде), 319 (бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 321 (екінші бөлігінде), 322 (бесінші бөлігінде), 334 (бірінші және екінші бөліктерінде), 340 (екінші және үшінші бөліктерінде), 341 (бірінші бөлігінде), 342 (екінші және үшінші бөліктерінде), 345 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 345-1, 346 (бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 347, 348 (екінші бөлігінде), 349 (екінші бөлігінде), 350 (бірінші бөлігінде), 357 (бірінші бөлігінде), 358 (екінші бөлігінде), 359 (екінші бөлігінде), 372, 379, 386 (бірінші бөлігінде), 387, 390 (екінші және үшінші бөліктерінде), 398 (үшінші бөлігінде), 399 (бірінші және екінші бөліктерінде), 407 (бірінші бөлігінде), 426 (бірінші бөлігінде), 427, 428 (бірінші бөлігінде), 430, 431-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша анықтауды ішкі істер органдары жүргізеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188 (бірінші бөлігінде), 252 (бірінші бөлігінде), 290 (бірінші бөлігінде), 345 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 348 (екінші бөлігінде), 350 (бірінші бөлігінде), 398 (үшінші бөлігінде)-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша, егер олар күзет іс-шаралары өткізілетін аймақта жасалған және тізбесі заңда белгіленген күзетілетін адамдарға тікелей қарсы бағытталған болса, анықтауды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі жүргізе алады.";

"16. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 111, 115, 117 (бірінші бөлігінде), 118 (бірінші бөлігінде), 119 (бірінші бөлігінде), 137 (бірінші бөлігінде), 138, 140, 145, 150 (1-1-бөлігінде), 152 (бірінші бөлігінде, егер бұл соттың жұмысқа қайта орналастыру туралы шешімін орындамаумен байланысты болса, үшінші бөлігінде), 154, 155 (бірінші бөлігінде), 156 (бірінші және екінші бөліктерінде), 158 (бірінші бөлігінде), 159, 183, 187, 204 (бірінші бөлігінде), 205 (бірінші және екінші бөліктерінде), 206 (бірінші бөлігінде), 208 (бірінші бөлігінде), 211 (бірінші бөлігінде), 213 (бірінші бөлігінде), 247 (бірінші және екінші бөліктерінде), 276 (бірінші бөлігінде), 288 (төртінші бөлігінде), 289, 294, 296 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде), 303 (бірінші бөлігінде), 306 (бірінші бөлігінде), 316, 317 (бірінші бөлігінде), 320 (бірінші бөлігінде), 322 (бірінші бөлігінде), 325 (бірінші бөлігінде), 326 (бірінші бөлігінде), 328 (бірінші бөлігінде), 331 (екінші бөлігінде), 336, 340 (бірінші бөлігінде), 342 (бірінші бөлігінде), 345 (бірінші бөлігінде), 349 (бірінші бөлігінде), 351 (бірінші бөлігінде), 354 (бірінші бөлігінде), 356 (бірінші бөлігінде), 357 (екінші бөлігінде), 358 (бірінші бөлігінде), 359 (бірінші бөлігінде), 376 (бірінші бөлігінде), 381, 383, 384, 389 (бірінші және екінші бөліктерінде), 391, 395, 397, 398 (бірінші және екінші бөліктерінде), 400, 402 (бірінші бөлігінде), 403, 406, 407 (екінші бөлігінде), 410, 436-баптарында көзделген

қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысандағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ішкі істер органдары жүргізеді."

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК